

Демалыс күнін ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы № 1322 қаулысы

Еңбекшілердің демалысы үшін қолайлы жағдайлар жасау және 2013 жылғы желтоқсан мен 2014 жылғы қаңтарда жұмыс уақытын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Демалыс күні 2013 жылғы сенбі 28 желтоқсанның - жұма 2014 жылғы 3 қаңтарға ауыстырылсын.

2. Қажетті өнім шығару, қаржылықты қоса алғанда, қызметтер көрсету, сондай-ақ құрылыс объектілерін іске қосу үшін еңбек, материалдық және қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілген ұйымдарға кәсіподақ ұйымдарымен келісім бойынша 2014 жылғы 3 қаңтарда жұмыс жүргізуге құқық берілсін.

Көрсетілген күнгі жұмыс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өтеледі.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *С. Ахметов*